




### СЫРТҚЫ ҚАРЫЗДАН САҚТАНАЙЫҚ

5-БЕТ | САРАПТАМА



### ОЛҚЫЛЫҚТАР ҚАШАН ОҒАЛАДЫ?

6-БЕТ | БІЛІМ



### ҚАНАТТЫ ЖЫЛДАР МЕН ЖЫРЛАР

7-БЕТ | ЗЕРДЕ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ҚАЗІРГІ ЖАҒАНДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР КЕЗЕҢІНДЕ ТҮЛЕКТИҢ БІЛІМІ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНА ШЫҚҚАНҒА ДЕЙІН-АҚ ЖЕТКІЛІКСІЗ БОЛЫП ҚАЛУЫ ӘБДЕН МҮМКІН. СОНДЫҚТАН ҚҰЗЫРЛЫ МИНИСТРЛІКТИҢ АЛДЫНДА ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖАҢА ЖАҒДАЙҒА БЕЙІМДЕУ МІНДЕТІ ТҰР. БҰЛ – КЕЗЕК КҮТТІРМЕЙТІН ШАРУА.

№96  
(4529)

Сейсенбі  
15 тамыз  
2023 жыл



# ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## ТЕГІН ТАМАҚПЕН ҚАМТЫЛАДЫ

Елімізде әлеуметтік мәртебесіне қарамастан бастауыш сынып оқушылары мектеп асханаларында тегін тамақтанады.

«Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша биыл қыркүйектің 1-інен бастап аз қамтылған отбасылардан шыққан 1,5 миллионнан астам оқушы, сондай-ақ әлеуметтік мәртебесіне қарамастан бастауыш сынып оқушылары үшін тегін тамақтандыруды ұйымдастыру жоспарлануда» делінген ведомство таратқан ақпаратта.

Республика бойынша тегін тамақтану құны орта есеппен 577 теңгені құрайды. Осыдан бұрынғы жылдарда 1-4-сынып оқушыларын тегін тамақпен қамту 56,6 пайызды құрады.

## 126 МЫҢ АДАМ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМ АЛДЫ

Елімізде жұмысынан айырылған 126 мыңнан астам адам әлеуметтік төлем алды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, жұмыстан босатылған жұмыскерлер міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне және соңғы 24 айдағы табысына байланысты 1 айдан 6 айға дейін жұмысынан айырылуы бойынша әлеуметтік төлемдер алады. Төлем жоғалған кірістің 45 пайызына дейінгі мөлшерде МӘСҚ қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

# ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ЖҮЙЕЛІ ДАЙЫНДЫҚ

Бас қаланың іргесі кеңейіп, тұрғындары көбейген сайын жылу, газ және ауыз сумен қамтамасыз ету өзекті түйінге айналды. Әсіресе 6 ай ақырған қыс болатын Арқа төсіндегі Астанада көне жылу стансаларын жаңғыртып салып, жаңа жылыту орындарын іске қосудың маңызы зор. Биыл бас қаладағы барлық 4 қазандықты (газ) кезең-кезеңімен іске қосу жоспарланып отыр. Осы жұмыстарды қадағалау мақсатында Премьер-министр Әлихан Смайылов қала әкімі Жеңіс Қасымбекпен бірге Астанадағы жылу стансаларының құрылыс барысымен танысты.

## РЕКОРДТЫҚ КӨРСЕТКІШ

2023 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жеке тұлғалардың ел банктеріндегі депозиттері 18 трлн теңгеге жетті. Бұл жыл басындағы көрсеткіштен 1,1 трлн теңге (немесе 6,4 пайыз) артық.

Жыл басынан бері Kaspi.kz жеке тұлғалардың депозиттерінің өсімі бойынша көшбасшы болды: +541,7 млрд теңге. Мұндай өсім Қазақстанның басқа ЕДБ (екінші деңгейлі банк) нәтижелерінен бірнеше есе жоғары. Биыл маусым айының соңына қарай жеке тұлғалардың банктегі депозиттерінің портфелі 4,2 трлн теңгеге жетті.

## ЖӘРМЕҢКЕНІҢ ЖӘРДЕМІ КӨП

Жаңа оқу маусымы басталар алдында елордада 12 тамыздан бастап мектеп жәрмеңкесі өтуде.

Астана қаласының аудан әкімдіктері мен Инвестиция және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы бас қаланың барлық ауданында мектеп жәрмеңкесін өткізіп жатыр. Балалар киімдерімен, мектеп тауарларымен қамтамасыз ететін қызмет көрсету саласын қолдау және дамыту мақсатында жыл сайын осындай жәрмеңке өтеді.

- 1 БАЙҚОҢЫР АУДАНЫ – «АЙМАҚТАУ» САУДА ОРТАЛЫҒЫ
- 2 НҰРА АУДАНЫ – ЦИРК ТҰРАҒЫ
- 3 САРЫАРҚА АУДАНЫ – Ш.ҚОСШЫҒҰЛҰЛЫ КӨШЕСІ, 14
- 4 АЛМАТЫ АУДАНЫ – АБЫЛАЙ ХАН КӨШЕСІ, 20
- 5 ЕСІЛ АУДАНЫ – БОТАНИКАЛЫҚ БАҚ ТҰРАҒЫ





## ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Пәкістанның Тәуелсіздік күніне орай құттықтау жеделхатын жолдады.

Жеделхатта Пәкістан тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап өзінің мемлекеттілігі мен егемендігін нығайту ісінде зор

жетістікке жеткені атап өтілген. Қасым-Жомарт Тоқаев Астана мен Исламабад арасындағы қарым-қатынастың достық сипатта

екеніне назар аударып, екі ел халықтарының игілігі үшін екіжақты байланысты одан әрі дамыта түсетуі дайын екенін білдірді.

## ҚОҒАМДЫҚ ТАЛҚЫЛАУ ӨТЕДІ

Астана қаласында көше қиылыстары мен учаскелердің шекараларын егжей-тегжейлі жоспарлауға қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелері жөнінде қоғамдық талқылау өтеді.

Елорда әкімдігінің ресми хабарламасына сәйкес, 16-21 тамыз күндері жол бойындағы қызыл сызықтарда орналасқан нысандарды бұзу, жаю жүргіншілер кеңістігін ұлғайту, пандустар салу, скверді абаттандыру, қауіпсіз жаю жүргіншілер аймағын және жалпы пайдаланылатын орындарды дамыту үшін құрылыс базарының орнын

ауыстыру және т. б. мәселелер талқыланады.

Алғашқы талқылау 16 тамыз күні сағат 10:00-ден 17:00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13:00-ден 14:30-ға дейін Республика даңғылы, 32, 1-қабатта өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылау басталардан бұрын үш жұмыс күнінен кешіктірілмей мына мекенжай бойынша: Астана

қаласы, М.Әуезов к-сі, 6; Республика даңғылы, 32-үйге үлгіге сәйкес нысанда қабылданады. Өтініштер жәшігіне ұсыныстар жіберген кезде оларды хаттамаға қосу мақсатында қарау күнін және көшелердің атауын көрсету қажет.

Ұсыныстарға арналған нысанды «ООС жобасы бойынша ұсыныстар» talqilaw.kz сілтемесі арқылы жүктеуге болады.



## ЖЫЛЫЖАЙ САЛСА ҚОЛДАУ КӨП

Үкіметте жылыжай шаруашылығын дамыту мәселелері талқыланды. Еліміздегі жылыжай көлемі 1,2 мың гектарды құрады.

Премьер-министрдің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен отырыста жылыжай шаруашылығын дамыту мәселелері қаралды. Саланың негізгі көрсеткіштері туралы Ауыл шаруашылығы вице-министрі Аманғали Бердалиев баяндады. Оның айтуынша, Қазақстандағы жылыжай көлемі, өткен жылдың қорытындысына сәйкес, 232,3 гектарға қысқарып, 1,2 мың гектарды құрады. Сондай-ақ жылыжай аумағының

қысқаруы өндірілген өнімнің өзіндік құнының жоғары болуына және бизнестің төмен рентабельділігіне байланысты.

Жақын арада инвестициялық субсидиялау шеңберінде жылыжай кешендерін салу және кеңейту жөніндегі жобаларды іске асыру кезінде шығындарды өтеуді 25 пайыздан 30 пайызға дейін арттыру жоспарланып отыр. Ереженің жобасын қыркүйек айының соңына дейін бекіту жоспарланған.

Сондай-ақ, жабық топырақта өсірілген көкөніс дақылдарын

өндіруді дамыту мақсатында тынайтықтар (органикалық дақылдарды қоспағанда), пестицидтер, биоагенттер мен биопрепараттардың құнын субсидиялау, суармалы су, қияр және қызанақ тұқымдарын беру арқылы мемлекеттік қолдау жалғасады. Мемлекет тарапынан «Агробизнес» әмбебап несиелеу бағдарламасы шеңберінде жылыжай құрылысына несиелеу жүзеге асырылады, бұл ретте субсидиялау есебінен мөлшерлеме 6 пайызға дейін төмендейді.

## ЖЫЛУМЕН ҚАМТУ ІРКІЛІССІЗ БОЛСЫН

Премьер-министр Әлихан Смайылов Астанадағы «Тұран» және «Оңтүстік-Шығыс» газ жылу стансалары (ГЭС) мен 3-ЖЭО құрылысының барысымен танысты.



Қазір 3-ЖЭО-да жұмыс 90 пайыз орындалған. Биыл барлық 4 қазандықты (газ) кезең-кезеңімен іске қосу жоспарланып отыр. Бұл елордадағы жылу қуатын қосымша 440 Гкал/сағ арттыруға мүмкіндік береді.

Әлихан Смайылов бұл жобаның қала халқы үшін әлеуметтік маңызын және оны іске қосу мәселесі Мемлекет басшысының ерекше бақылауында екенін атап өтті.

«Алдағы жылыту маусымында қазандықтардың бәрін пайдалануға беріп, қаланы қосымша жылумен қамтамасыз ету өте маңызды. Қала әкімдігі нысанды уақытылы іске қосу бойынша барлық қажетті шараны қабылдауы тиіс» деді ол.

Содан кейін Премьер-министр елорданы шамамен 350

Гкал/сағ көлемінде қосымша жылумен қамтамасыз ететін «Тұран» газ жылу стансасына барды. Одан әрі үкіметтік делегация жалпы қуаты 350 Гкал/сағ болатын және сол жағалау аймағын қамтуы тиіс «Оңтүстік-Шығыс» газ жылу стансасының құрылысын тексерді. Құрылыс жоспар бойынша жүріп жатыр. Жалпы жаңа ГЭС-ның артықшылығы – табиғи газды үнемді тұтынуға мүмкіндік беретін шағын қазандықтар. Табиғи газдан басқа, олар дизельмен жұмыс істеуге арналған.

– Қазір бізде екі газ қазандығы бар, жаңа жылу электр орталығы іске қосылып жатыр. Бұл алдағы жылыту маусымында қаланы шамамен 1100 Гкал/сағ жылумен қамтамасыз етеді, демек, біз жылууды артығымен беруге жұмыс істеп жатырмыз.

Сондай-ақ елорданы болашақта жылумен тұрақты түрде қамтамасыз ету үшін келесі жылы қосымша газ қазандықтарын енгізу жоспарланып отыр, – деді Әлихан Смайылов.

– Қаланың тіршілігі тоқтаусыз жүру үшін бірқатар маңызды нысан саламыз. Қалада жылыту маусымы шамамен 7 айға созылады. Газ жылу стансалары мен 3-ЖЭО-ны алдағы жылыту маусымында кезең-кезеңімен пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Мәселен, газ жылу стансалары мен 3-ЖЭО осы жылыту маусымында 1100 Гкал/сағ жылу береді, бұл бізге профитке шығуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар биыл үшінші газ жылу стансасының құрылысын бастауды жоспарлап отырмыз, – деді қала әкімі Жеңіс Қасымбек.

## АПАТТЫ ҮЙЛЕР СҮРІЛЕДІ

2029 жылға дейін елордада 206 апатты тұрғын үй сүріледі.

«Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес, Астана қаласында тұрғын үй қорын жаңарту (апатты (ескі) тұрғын үйді бұзу) жобасы іске асырылуда. Бүгінгі

таңда Астана қаласы бойынша апатты жағдай туралы қорытындысы бар және 2015 жылдан бастап бұзуды талап ететін 206 үй, оның ішінде 18 апатты жатақхана бар. Осыған байланысты қазіргі уақытта 2023-2029 жылдары

бұзуға жататын 4710 пәтерге арналған 206 апатты үйдің тізбесі қалыптасты. Бұзуға жататын Астана қаласындағы апатты үйлер тізбесі туралы ақпарат сайтта жарияланды» деді әкімдік агенттіктің ресми сауалына орай.



### ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Францияда жанармай тағы қымбаттады.

Елдің жанармай құю стансаларында 95 маркалы бензиннің литрі тамыз айының басында орта есеппен 1,93 еуроға (947 теңге) жетті. Францияда дизель отыны да қымбаттап, 1 литрі 1,83 еуроға (902 теңге) құрады. Сарапшылардың пікірінше, инфляцияның төмендеуі елде энергия бағасының төмендеуімен және азық-түлік, өнеркәсіп тауарлары бағасының біршама қалыпты өсуімен байланысты.



Өзбекстанда коронавирусқа қарсы иммундық сүт шығарылды.

Коронавирусқа қарсы иммундық сүт алу жобасы бойынша жұмыс 2021 жылы Инновациялық даму министрлігі жанындағы Халықаралық молекулалық алергология орталығы мен Вена медициналық университетінде басталды. Эксперимент ретінде «PanaevFarms» кәсіпорны Австрия мен Германиядан әкелінген асыл тұқымды сиырлар мен голштин сиырларына өзбек-қытайлық ZF-UZ-VAC2001 вакцинасының 3 дозасын алған.



Ресейдің Приморьесінде су тасқыны болып жатыр.

Приморье Ресей Төтенше жағдайлар министрлігі орталық аппаратының жедел тобы жіберілді, мамандар су тасқынымен күресу жұмысын үйлестіреді. Жаңбыр салдарынан мұнда 7 көпқабатты және 729 жеке үйді су басып, барлығы 65 елді мекен зардап шекті. Уссурийсктегі су тасқыны соңғы 10 жылдағы ең жойқын және ауқымды болды. Раздольная өзеніндегі су рекордтық 10 метрге дейін көтерілді.

## ЕЛОРДА СПОРТЫНЫҢ ЕҢСЕСІ БИІК



Биыл бірінші жартыжылдықта Астана құрамасының спортшылары 4000-нан астам медаль жеңіп алды. Тек Қазақстан чемпионаттарында елордалық спортшылар 3000 жүлделі орынға ие болды, республикалық деңгейдегі біріншіліктерде 2873 медаль, халықаралық жарыстарда 472 медаль иеленді.

Астана қаласы коммуникациялар қызметінің алаңында елордалық спортшылардың жетістіктері мен алдағы 20 тамыз – Спорт күніне арналған іс-шаралар туралы Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев брифинг өткізді. Диалог алаңында елорда спортшының жетістіктері мен болашағы сөз болды.

– Биыл жарқын спорт жетістіктерінің қатарында боксшылардың әлем чемпионатындағы айтулы жеңісі, яғни еркін және әйелдер күресінен Азия чемпионатында бірінші орын иеленіп, әйелдер арасындағы бокстан әлем біріншілігінде екінші және үшінші орынды жеңіп алды. Елорда спортшыларының панкратионнан әлем біріншілігінде, сондай-ақ MMA жасөспірімдер арасындағы аралас жекпе-жекте әлем чемпионатында өнер көрсетуі сәтті болды, – деді С.Жылқыбаев.

Оның айтуынша, жылдың бірінші жартысы параспортшылардың жарқын қойылымдарымен есте қалған. Токио қаласында арбамен билеуден өткен ха-

лықаралық жарыста жерлестеріміз төрт медаль қанжығалап, Италияда өтетін әлем біріншілігіне жолдама алыпты. Дүбірлі додаға 18 елдің спортшылары қатысты. Дзюдодан Қазақстанның ерлер және әйелдер құрамалары Азия чемпионатының жеңімпаздары атанды. Еліміздің астанасында бұқаралық спортты дамыту және барлық жастағы адамдарды процеске тарту үшін қолайлы жағдай жасалуда. Астана тұрғындарының 37,26 пайызы дене шынықтырумен және спортпен үнемі айналысады. Жыл басынан бері 311 бұқаралық спорт іс-шарасы өткізіліп, оған қаланың 26 мың тұрғыны мен қонағы қатысты. Осы бағдарламалар аясында елордада футбол, стритболдан аула лигалары ұйымдастырылды.

\*\*\*

Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы орталық стадионның орнына жаңа нысан салынады. Бұл туралы Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев айтты.

– Қажымұқан Мұңайтпасов атын-

дағы стадионда 2022 жылы, жүргізілген техникалық сараптамаға сәйкес, қазіргі стадион трибунасы апатты жағдайда екені нақтыланды. Құрылыс конструкцияларының тозуынан нысан адамдар үшін қауіпсіз емес. Бұл тұрғыда қазіргі стадионды бұзып, жаңа стадион салу жоспарланып отыр, – деді С.Жылқыбаев Астана қаласы коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында.

Басқарма басшысының айтуынша, қазір Құрылыс басқармасы жобалау-сметалық құжаттарын дайындаумен айналысып жатыр.

«Жоспарланған стадион УЕФА-3 стандарты бойынша салынады, оның сыйымдылығы 4,5 мың адамды қамтиды. Жобалау-сметалық құжаттама аяқталуға жақындады. Жоба аясында сараптаманың оң қорытындысын алғаннан кейін, құрылыс-монтаждау жұмысын жүргізуге мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланады. Онда нормативтік құрылыс мерзімі 18-24 айдан кем болмайды. Нысанда пайдалануға беру 2025 жылға жоспарланған. 2025 жылы осы нысанда ірі жарыстар өтеді деп ойлаймын» деді басқарма басшысы.

Бұдан бұрын хабарланғандай, 2021 жылы қала әкімдігі Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы орталық стадионның жаңа ғимаратын салу үшін эскиздік жоба жасалып жатқаны жариялады. Сол кезде стадион апаттық жағдайда тұрғаны айтылған еді.



## КӨРКЕМ СӨЗДІ КЕСТЕЛЕП...

Астананың 25 жылдық мерейтойына орай мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту мақсатында «Көркем сөз шебері» байқауы өтті. Сайысқа актерлік шеберлігі басым, тілі таза, мәтінді оқу ерекшелігі дамыған астаналықтар қатысуға мүмкіндік алды.

**Райхан РАХМЕТОВА**

Сайысты Астана қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мен Қазақстан Жазушылар одағы Астана қалалық филиалы ұйымдастырды. Көркем сөз шеберлері сайысының негізгі мақсаты – ана тіліміздің таза, тұнық, қайталанбас ерекше тіл екенін түсіндіру.

Байқауға қатысушылардың жас ерекшелігіне шектеу қойылмады.

Өтінім бергендер арасынан сайысқа қатысуға 8 адам жолдама алып, олар елордадағы Қаламгерлер аллеясында өткен сайыста 2 өлеңнен оқып, бақ сынады.

Қатысушылар алдымен қазақ ақын-жазушыларының шығармасын елорда тақырыбындағы бір туындыны, екінші кезеңде еркін тақырыпта өлең оқыды.

Көрсендерге сонымен қатар елордаға және елге танымал өнер жұлдыздарының арнайы концерт

бағдарламасы ұсынылды.

Байқау нәтижесінде ерекше үні және мінсіз, таза дикциясымен көзге түскен Еуразия гуманитарлық институтының студенті, 20 жасар Ақелік Мұрат бас жүлдеге ие болып, оған жүлдесіне қоса 300 мың теңге табысталды. I орынды Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті Бекаат Құлшар иеленіп, 200 мың теңге сыйлыққа ие болды. II орынға Байқаудың ең жас қатысушысы – елордадағы №70 мектептің 8-сынып оқушысы Шұғыла Ермекова лайық деп танылып, оған 150 мың теңге сыйға берілді. III орынға Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті Алмагүл Тастанова тұрақтап, 100 мың теңге сыйлық алды. Қалған қатысушыларға 50 мың теңге мен алғыс хат табыс етілді.

**Беларусь тұрғыны Марина Василевская 2024 жылдың бірінші тоқсанында Халықаралық ғарыш стансасына аттанады.**

Ю.Гагарин атындағы Ғарышкерлерді дайындау орталығының мәліметінше, ғарышкерлікке үміткер беларустар 2022 жылдың желтоқсанында ҒДО-да медициналық тексерудің соңғы кезеңінен өткен еді. Ғарышқа ұшуға үміткерлер саны 100-ден асты. Нәтижесінде Марина Василевская іріктеуден өтті. Ол «Белавиа» беларусь әуе компаниясының бортсерігі, ХҒС-ға ұшу үшін негізгі экипажға тағайындалды.



**Түркияның оңтүстігіндегі Хатай провинциясы Рейханлы ауданында акад тілінде сына жазуы бар саз тақтайша табылды.**

Ақпан айында елде орын алған жойқын жер сілкінісінен көне сарайдың қабырғалары бүлінген соң, Мәдениет және туризм министрлігі қорғанды қалпына келтіру жұмысын бастады. Сол кезде үйінділер астынан табылған осы бір тақтайшада Алалахтың бірінші патшасы Ярим-Лимнің қаланы сатып алуы туралы келісім мәтіні көрініс тапқан.

**АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...**

## АБАЙЛАЙЫҚ...

Қазақта «Атың шықпаса, жер өрте» деген мәтел бар. Дәл сол сияқты соңғы кездері өзінің атағын шығарып, жұрт көзіне түсу үшін ел ішінде есімі ерекше аталатын айтулы тұлғалардың жағасына жармасып, балағынан тістеу дәстүрге айналып барады.

**Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**

«Пілге үрген қанден» сияқты ұлы тұлғаларды қаралау, оларды жоққа шығару да төбе көрсетті. Ол аздай, «Құлды қойсаң еркіне, күнде тышар бөркіңе» дегендей, енді Абаймен алысып, «Абай деген адам өмірде болмаған, ол – алаштанушылардың ағартушылық жобасы», «Абайдың қара сөздерін Абай жазбаған, оны оқулықтан алып тастау керек» деп тұтас ұлттың намысына тиді. «Бұл – ұлтты масқаралау» деп оған тоқтау салған қазақ билігі тағы жоқ, «тағы не айтар екен, айта түссін» дегендей үнсіз. Тек қана абайтанушылардың ашынған дауысы о жер, бұ жерден андыздап естілгені болмаса, тұтас зиялы қауым да меңіреу күйде. Бекершілікте ел ішіндегі дауға бөрінің артына шулап, аспанға шықса аяғынан, жерге кірсе шашынан сүйреп шығаратын желі жазғыштары да түк білмегендей тымсырайып отыр. Ұлтқа пайдасы тиетін, оң энергия беретін жағымды жаңалықтан гөрі теріс пиғылдағы жағымсыз ақпараттарды жаны қалмай тарататын әлеуметтік желілер де оларды жарнамалауын тоқтатар емес.

Абайды қаралаған, оны жоққа шығарған зерттеуші, ғалымсымақтар қазақтың көшпелі өміріне де тиісіп, «сауатсыз көшпелі ортадан данышпан шығуы мүмкін бе?» деп бүкіл ұлтты қорлай сөйлейді. Шын мәнінде, көшпенді қазақтың жүйелі білім алмағаны болмаса, қазіргі қазақтан ақылды, қазіргі қазақтан опалы,

қазіргі қазақтан батыл, батыр екенін түсінбей, «аспаннан аяғы салбырап түскендей» өзін білімді санауы көр нағандықтан басқа ештеңе емес. Бұған ел, халық болып тосқауыл қоюымыз керек.

Абай – Алланың қазаққа берген үлкен сыйы. Батыр да, шешен де, көсем де туған қазақтан Абайдай ақылман тууы және оның қазақтың ұлы ойшылы ретінде әлемге мәшһүр болуы да ұлт тарихындағы ерекше құбылыс. Бүгінгі таңда өлеңдерін еңкейген кәріден еңбектеген балаға дейін жатқа айтып, ұлттың рухани темірқазығына айналып кеткен ұлы тұлғаны «өмірде болмаған» деп жоққа шығаруға тырысу ұлт тұтастығына, ұлттың идеологиялық бірлігіне сызат салудан басқа ештеңе емес. Сонымен қатар бұл жағдай тілі, танымы бойынша ұлттың екіге жарылып, ұлтсыздану процесі сырқау шегіне жеткенін тағы бір дәлелдеді. Сондықтан абайтануды әлі де күшейтіп, ұлттың рухани тұтастығы үшін абайтануды мектепке, оқу-тәрбие жұмысына тереңдете енгізу керек. Осылай үйретпесек, жалған зерттеушілерге дер кезінде тойтарыс бермесек, жаңылыс басқан жастар қатары көбейе берері хақ. Өтірікті ойдан құрап ғылыми еңбек жазып жүрген зерттеушіге билік тарапынан да ескерту жасап, Қазақстанда берілген ғылыми атақтарынан айыру жағын да қарастыру қажет сияқты. Өйткені ұлтқа қызмет ету ұлтқа құрмет етуден басталады.

## ЖАЛАҚЫ ЕКІ ЕСЕ ӨСЕДІ

Биыл кітапханашылар мен мұрағат ісі мамандарының жалақысы 20 пайызға артады. Кітапханадағы қосалқы қызметкерлердің де жалақысына өзгеріс енгізіледі.

Сондай-ақ, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Жұлдыз Сүлейменованың мәлімдеуінше, 2027 жылға қарай олардың еңбекақысы тағы екі есе көбейеді.

– Бүгінгі таңда 25 жыл өтілі бар кітапханашылардың жалақысы орта есеппен 140 мың теңгені құрайды.

Жалақысы көтерілетін қызметкерлер санатына кірмей қалғандықтан, білім мен мәдениет саласындағы кітапханашы, қосалқы қызметшілер жағдайын айтып хабарласты. Енді биыл кітапхана қызметшілері мен мұрағат ісі мамандарының жалақысы 20 пайызға артады, – деді Мәжіліс депутаты.



## 100 МЛН ТЕҢГЕ АЛИМЕНТ ӨНДІРІЛДІ

Биыл елордада прокурорлық қадағалау шараларының нәтижесінде 428 балаға 100 млн теңге алимент төленді.

Астана қаласы прокуратурасының мәліметінше, жыл басынан бері барлығы 98 борышкер жауапкершілікке тартылды. Олардың 7-еуі қасақана борышын төлемеуші болып шықты. Борышкерлерге қатысты айыптау үкімдері шығарылды. Сонымен қатар, превентивтік шаралар да өткізіледі.

«Қала прокуратурасы жұмыссыз борышкерлерді жұмыспен қамта-

масыз ету үшін жүйелі түрде бос жұмыс орындарының жәрмеңкесін өткізіп тұрады. Күні бүгін барлығы 71 борышкер жұмыспен қамтылды, 51 адамға жұмысқа орналастыру туралы мәлімдеме берілді» деп жазылған Астана қаласы прокуратурасының ресми сайтында.

Прокуратура, сондай-ақ, бұл бағыттағы жұмыстар жалғасатынын мәлімдеді.

№96 (4529) 15/08/2023 Сейсенбі

## КӨШЕЛЕР КӨРІКТЕНІП, САЯБАҚТАР КӨБЕЙЕДІ



Астанада аулаларды абаттандыру жұмысы қарқынды жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ, бұған дейін үй салуға бөлінген елордадағы кейбір учаскелерде енді саябақтар ашылады. Бұл туралы қалалық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихаты барысында елордалық Урбанистика орталығының бөлім жетекшісі Аслан Қандығұлов мәлім етті.

### Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Қалалық Урбанистика орталығының бөлім жетекшісі алдымен қаланы абаттандыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

– Бүгінгі таңда Ақбұлақ өзенінің жағалауы Амман көшесі мен Тәуелсіздік даңғылына дейін абаттандырылды. Ал көпірлердің астында Ақбұлақ өзені бойындағы саябақ кластерін жалғайтын жаяу жүргіншілер өткелдері ашылды. Қ.Сәтбаев көшесіндегі жаяу жүргіншілер жолының бірінші бөлігі ашылды. Есіл өзенінің жағасында Ш.Бейсекова көшесінен «Көктал» елді мекеніне қарай қоғамдық кеңістікті абаттандыру жұмысы жүріп жатыр. Осылайша, амфитеатр,

спорт алаңдары, серуендеу орындары, ойын алаңқайлары жабдықталады, – деді Аслан Қандығұлов.

Сонымен бірге орталық жағалаудың тарихи көшелері – Желтоқсан, Бейбітшілік, Бұқарбай батыр, Ә.Мәмбетов көшелері көркейіп келеді. Бұл жұмыстар жаңа қоғамдық кеңістіктерді бұрын құрылған кеңістіктермен байланыстыруға мүмкіндік береді. Яғни Demalys Promenade жаяу жүргіншілер көшесі, «Театральный» бульвары, «Қалалық алаң» тұтас кластер болмақ. Сондай-ақ, Ақан сері – Фахд бен Абдул, Кенесары – Б.Бейсекбаев, Кенесары – «Егемен Қазақстан» газеті, Қордай – Н.Ахметбеков көшелерінің қиылысында, Абылай хан даңғылынан Ш.Құдайбердіұлы даңғылына де-



йінгі жағалауда, К.Әзірбаев көшесі, 10, А.Храпатый көшесіндегі қоғамдық кеңістіктер абаттандырылды.

Урбанистика орталығындағы бөлім жетекшісінің мәлімдеуінше, Бе-

генбай батыр даңғылында Ш.Айманов көшесінен Ш.Уәлиханов көшесіне дейінгі 10 ауланы қамтитын шаршы алаң абаттандырылады. Ш.Құдайбердіұлы даңғылы, 5, 31, 36, 36/3; Р.Қошқарбаев даңғылы, 26, 39; Күйші Дина көшесі, 46/1, 46/3; Ғ.Мүсірепов көшесі, 9 және басқа да мекенжайларда жұмыс жүргізілуде.

– Қаладағы Ш.Уәлиханов пен Қ.Сәтбаев көшелерін кешенді абаттандыру жұмысы аяқталуға жақын. К.Күмісбеков – Ш.Қосшығұлұлы көшелерінің қиылысында, Бөгенбай батыр даңғылының бойында жаңа қоғамдық кеңістіктер құрылуда. Қала ортасында 496 мың және Астананың жасыл белдеуінде 457 мың көшет егіледі. Көктемде Мәңгілік ел, Ұлы дала даңғылдары, Ш.Бейсекова, Шарль де Голль, Қ.Сәтбаев көшелері көгалдандырылды. Біз жергілікті климатқа бейімделген ағаш түрлерін егеміз. Көшеттерді

– 32, Сарыарқа ауданында 30 аула мен қоғамдық кеңістік абаттанады, онда көгалдандыруға басымдық беріледі.

– Жалпы қазір қала бойынша тұрғын үйге бөлінген барлық учаске қайта қаралуда. Біз қазір оларды көгалдандыру, саябақ кластерін, әлеуметтік нысандарды ұлғайту үшін қайта қарастырып жатырмыз. Сондай-ақ, тұрғындарымызда көшелерді және қосымша ағаш отырғызуға болатын барлық учаскені барынша көгалдандыруды қарастырамыз, – деді бөлім жетекшісі.

Сонғы бес жылда Астанада абаттандыру бойынша мыңнан астам жоба іске асқан, оның ішінде 181 қоғамдық кеңістік пен 873 аула салынған. Биыл қаланың бес ауданында 165-тен астам аула абаттандырылуда.

– Біз елордалық сәулетшілер ретінде бұл саябақтар тұрғындардың қала қарбаласынан бір сәт демалуға арналған сүйікті орнына айналарына сенімдіміз. Эскиз жобаларын әзірлеу кезінде тұрғындардың сын-тілектері ескеріледі. Сонымен қатар, урбанистер әлемдегі ең жақсы тәжірибелерді қолданады. Мы-

Астана қаласы әкімшілік полиция басқармасының келісімі бойынша жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әл-Фараби даңғылындағы жол төсемін орташа жөндеу жұмысы жүргізіліп жатыр.

## ЖОЛДАР ЖӨНДЕЛІП ЖАТЫР



Жөндеу жұмысына байланысты осы жылдың 14-18 тамызы аралығында әл-Фараби даңғылының Ж.Досмұхамедұлы көшесінен А.Пушкин көшесінің көлік айырбасына дейінгі аралығында көлік қозға-

лысы ішінара жабылатын болады.

Елорда тұрғындары мен қонақтары қала жолдарында кептеліс тудырмас үшін қозғалыс бағытын алдын ала жоспарлауы қажет.

## «ҚАРА» ТІЗІМГЕ ЕНГЕН КОМПАНИЯЛАР

Бас қалада инженерлік желілер тартпай тұрғын үй салатын компаниялар жоқ емес. Осындай жалпы саны 48 құрылыс компаниясы анықталып, заңға қайшы әрекеті үшін олар «қара» тізімге енді.

Астана қаласы әкімдігінің мәліметінше, ағымдағы жылдың қаңтар айынан бастап инженерлік желілері жоқ және бас жоспармен келісілмеген құрылысқа жаңа рұқсаттар берілмейді. Сонымен қатар осы шарттарды елемен компаниялардың құрылыс алаңдарында жұмыстар толығымен тоқтатылып, компания

«қара» тізімге енгізіледі.

Бүгінгі таңда елордада төмендегі компаниялар аталған «қара» тізімге енген. Олардың арасында «G-Park» (6 нысан), «Beles Holding» компаниялары тобы (4 нысан), «Tumar Group» (5 нысан), «Полюс М» (5 нысан), «Sat-NS» (3 нысан), «Sensata» (3 нысан) және «Galamat» (3 нысан) компаниялар тобы бар.

## КІТАПХАНАЛАР ЖАҢА ФОРМАТТА ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

Елорданың орталықтандырылған кітапханалар жүйесі бүгінде 18 қоғамдық кітапханадан тұрады, оның 11-і – жаппай, 6-уы – балалар кітапханасы және 1-еуі зағип және нашар көретін оқырмандарға арналған. Астана қаласының коммуникациялар қызметінде өткен брифингте мекеме басшысы Гүлбадан Мәдібаева жалпы жүйе жұмысының жаңа форматы туралы айтып берді.

### Райхан РАХМЕТОВА

Елорда кітапханаларының жалпы кітап қоры 740 мыңнан асады, тұрақты оқырмандар саны – 80 мыңнан астам адам. Әлеуметтік сауалнама нәтижесі бойынша елорда кітапханалары оқырмандарының 29 пайызы – оқушылар, 18 пайызы – колледжде білім алушылар, 22 пайызы – студенттер, 9 пайызы – коммерциялық ұйымдар қызметкерлері, 7 пайызы – жұмысшылар, 5 пайызы – зейнеткерлер,

10 пайызы – қарапайым қала тұрғындары.

– Қазіргі заманғы кітапханалар қоғамда сұранысқа ие болу, өз мақсатына сай болу үшін үлкен жұмыс атқарады, сондықтан біз барлық қала тұрғыны үшін оқу, білім алу, қарым-қатынас, шығармашылық үшін ашық алаңға айналдық. Оқырмандарды тарту үшін біз елорда тұрғындарының қызығушылығы мен қажеттілігіне үнемі назар аударуға мәжбүрміз. Сондықтан қазіргі заманғы кітапханалар тек

оқу залдары ғана емес, сонымен қатар, оқу, демалу, қарым-қатынас жасау үшін, оқумен байланысты емес бұқаралық іс-шараларды өткізу үшін кітапханалардың өзінің танымал бренді болу үшін коворкинг-орталықтар ашылды. Кітапхана пайдаланушылары қызығатын клубтар – шах-

мат клубы, поэзия клубы, тіл курсы және т. б. жұмыс істейді. Бүгінгі таңда біздің кітапханалар кездесулер, компьютерлерге қол жеткізу үшін үй-жайларды пайдалу, қосарлы пайдалануға, көпбалалы, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардағы балалар мен жасөспірімдерге, дене

мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін іс-шаралар өткізуге және тегін әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған кеңістіктер ұсынады, – деді Гүлбадан Мәдібаева.

Елордалық кітапханаларда қосымша білім беру орталықтары, оқырмандардың жайлы уақыт өткізуіне



арналған орындар жұмыс істейді, жаңа пайдаланушыларды тарту мақсатында қоғамдық маңызы бар қалалық іс-шаралар өткізіледі. Сонымен, «Әлемді үлкен кітапханаға айналдырайық: BookGrossing» жобасы жүзеге асырылуда, бұл – бейтаныс адамдар арасында кітап алмасу процесі. Оның мәні қарапайым – «оқып болған соң өзгеге беріңіз».

«Кітапхана – білімді тарату орталығы» кітапхана жобасы қалалық кітапханаларды көпфункционалды, көпденгейлі маңызы бар заманауи кітапханаларға айналдыру ретінде іске қосылды. Аталған жоба аясында №15 бұқаралық кітапхана базасында «Замандас-21» ҚБ-мен бірлесіп «Өндіріс» кентінде әлеуметтік аз қамтылған, көпбалалы отбасыларға арналған балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық даму орталығы ашылды. Бүгінгі таңда бұл кітапханалар базасында 30 үйірме мен қызығушылық клубы тегін жұмыс істейді.

Үйірмелер мен клубтардың негізгі міндеті – балалар мен ересектердің бос уақытын ұйымдастыру,

жеке тұлғаны жан-жақты дамыту, ақпараттық мәдениетті қалыптастыру. Мәселен, күн сайын №15 бұқаралық кітапхана қабырғасында ағылшын тілі, арт-терапия, шахмат және тоғызқұмалақ сабақтары өтеді. №5 жаппай кітапханада аптасына бір рет «Флора» жабық өсімдіктерді сүйетіндер клубы, сондай-ақ, «Табысқа жету жолы» іскерлік әдебиет әуесқойлары клубы жұмыс істейді. №3 бұқаралық кітапхана базасында апта сайын ересектер мен балаларға арналған сурет салу, арт-терапия курсы ашылған. №12 бұқаралық кітапхананың жанындағы «Тілдік қоғамдастық» клубы тұрмыстық, оқу, оқу-ғылыми, әлеуметтік-мәдени және іскерлік салаларда мемлекеттік тілді оқытуға, қарым-қатынас жасауға ықпал етеді. №4 балалар кітапханасының «Почемучка» клубы бастауыш мектеп жасындағы балалардың ой-өрісін кеңейтуге ықпал етеді. Жұмысшылар аптасына екі рет өсімдіктер, жануарлар әлемі туралы қызықты фактілерді айтып, балалардың көзжіегін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Гүлшат  
САПАРҚЫЗЫ**ӘЛЕМДІК  
ТӘЖІРИБЕДЕ БАР**

2023 жылдың басынан бастап сыртқы борыш төлем балансы бойынша операциялардың өсуімен қатар, бағалық және бағамдық өзгерістер есебінен өсті.

Қазақстанның сыртқы борышының құрылымында өтеу мерзімі бойынша 89,4% ұзақ мерзімді (1 жылдан астам) сыртқы борышқа тиесілі, бұл бір жағынан, өтімділік тәуекелдерін азайтады, ал екінші жағынан, жалпы нарықтық талаптар өзгеруінің борышты өтеуге және оған қызмет көрсетуге әсерін күшейтеді.

Қазақстан сыртқы борышының қаржы құралдарының түрлері бойынша құрылымында бейрезиденттерден тартылған несиелер мен кредиттер (75,4%) және бейрезиденттердің қолындағы борыштық бағалы қағаздар (9,2%) басым болды.

Қарыз алу әлемдік тәжірибеде бар. Әрине, «Алаңдауға негіз жоқ, бұл қауіпті емес» деген экономист-ғалым, сарапшы Сапарбай Жобаев айтқанына сенгіміз-ақ келеді. АҚШ-тың өзі әлемде сыртқы қарыз бойынша алғашқы орында тұр деп өзімізді-өзіміз жұбатамыз. Қарызы ең көп ел – АҚШ, екінші орында Қытай тұр екен. Олардың экономикалық жағдайы қандай екені баршаға мәлім. Себебі бұлар бүкіл дүние жүзімен экономикалық қарым-қатынас орнатады да, сондықтан есеп айырысқаннан кейін сыртқы қарыз да өсе береді. Бірақ дамушы ел – біз үшін дер кезінде қаражатты қайтару маңызды мәселе болып тұр.

Мысалы, егер қазақстандық заңды тұлға шетелден тауар, құрал-жабдық сатып алса, ол заттар әлі елге жеткізілмей, ақшасы толық төленбесе, ол да сыртқы қарыз болып есептеледі.

Ұлттық банк сайтындағы кестеде нақты көрсетілген: «Жеке меншік сектордың сыртқы борышы – 130,7 млрд доллар». Бұл осы жеке компаниялардың шетелдіктермен есеп айырысуы.

Сыртқы қарыз өз ішінде Үкіметтің борышы, Ұлттық Банктің борышы, жергілікті атқарушы органдардың борышы болып бөлінеді. Сыртқы қарыздардың ішінде фирмааралық қарыздар да бар. Бұл – елге сырттан тікелей тартылып отырған инвестициялар. Шетелден келетін компаниялар елімізде құрылып жатса, олар жұмыс орындарын ашады, өз капиталымен келеді. Біз қолымыз жетпейтін кейбір өндірістік тауарларды сол қаражаттың есебінен өндіруге мүмкіндік аламыз. Олар да қарызға есептеледі. Одан бөлек, екінші деңгейлі банктердің қарызы бар.

Сырттан қарыз алатын тағы бір сектор – өзге де секторлар деп аталады. Оның ішінде квазимемлекеттік сектор, яғни, Ұлттық компаниялардың, оның ішінде «ҚазМұнайГаз», «Қазақстан теміржолы» сияқты компаниялардың қарыздары бар.

2023 жылдың 1 тоқсанының қорытындысы бойынша, Үкіметтің борышы – 22 717 миллиард теңге немесе мемлекеттік борыштың 86 пайызы, Ұлттық Банктікі – 2 632 миллиард теңге немесе мемлекеттік борыштың 10 пайызы, жергілікті атқарушы органдар сыртқы кредиторларға 1 069 миллиард теңге қарыз, бұл – мемлекеттік борыштың 4 пайызы.

Осылайша, Үкіметтің ғана емес, Ұлттық Банк пен жергілікті атқарушы органдардың да қарызы өсіп жатқаны байқалады.

Кейінгі кезде, әсіресе коронавирус пандемиясы кезінде ел



# СЫРТҚЫ ҚАРЫЗЫМЫЗ ҚАНША?

Шындығын айту керек, қарыз десе, селк ете қалатын жағдайымыз бар. Дамушы ел ретінде мемлекетіміздің сыртқа қарызы аз емес екенін бір сәт сараптап отырып, ұрпағымыз борышкерлер қатарында қала ма деген қауіп те жоқ емес. Жылдан жылға Қазақстанның сыртқы қарызы көбеймесе, азайып жатқан жоқ. ҚР Ұлттық банктің мәліметінше, Қазақстан Республикасының сыртқы борышының көлемі 2023 жылдың басынан бастап 0,6%-ға немесе 1,0 млрд АҚШ долларына өсіп, 2023 жылғы 1 сәуірде 161,4 млрд долларды құрады.

үкіметі қарыз алуды көбейткенін байқауға болады.

Мемлекеттік сыртқы қарыз жалпы сыртқы қарыздың 9,3 пайызын құрайды.

Мемлекеттік борыш өскен сайын оны өтеуге кететін шығындар да (пайызын төлеу) өсетіні белгілі. 2022 жылы ол 1,3 триллион теңге болған, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 32,7 пайызға жоғары.

Дүниежүзілік банктің зерттеуіне сүйенсек, мемлекет борышының мөлшері ЖІӨ-нің 77 пайызынан асатын болса, ел экономикасына кері әсер етуі мүмкін.

**ҚАРЫЗ ҚАЛАЙ ӨТЕЛЕДІ?**

Жалпы, бізге Дүниежүзілік банк, Еуропа даму банкі, Азия даму банкі, Ислам даму банкі секілді халықаралық банктер қарыз береді. Өйткені біз оларға мүшеміз, сол үшін жарна төлеп отырымыз. Бұл елдерден алған берешектің пайыздық мөлшерлесі 1-2 пайыздан аспайды.

Ұлттық банкте мұны реттейтін 35 млрд доллар болатын алтын валюта қоры бар. Ұлттық қорымызда – 55 млрд доллар, зейнетақы қорында 30 млрд долларға жуық қаражатымыз бар. Ал сақтандыру қорында тұрған қаражат айтарлықтай көп емес. Бұл қорлар – шетелден алынған қарыздың кепілі. Сол себепті берешекті қиналмай қайтара аламыз, – дейді экономист сарапшылар.

– «Қазақстан теміржолы», «Қазмұнайгаз», «Қазақалтын» оны деген кәсіпорындар өздері қарыз алып жатады. Өйткені олар – жеке кәсіпорын. Сондықтан өздері алып, өздері құтылып жатады. Егер де олар төлей алмай қалатын болса, олардың қарыздары бюджетке өтуі мүмкін. Әлбетте ол мемлекеттік кәсіпорын болса. Сондықтан, біздің қарызымыз өзге елдермен салыстырғанда өте аз, – дейді экономика ғылымдарының

кандидаты Сапарбай Жобаев.

– Жалпы, сыртқы қарыз дегенде, еліміздің бюджетінен төленетін қарызы, яғни мемлекеттің мақсаты үшін жұмсалған қарызы оншалықты көп емес. Шамамен 17-20 млрд доллар арасында. Ал қалғаны кімнің қарызы дегенге 3 негізгі кәсіпорындардың тобын айтуға болады, – дейді ол.

Біріншісі, шетелдік инвесторлардың кәсіпорындары. Яғни Қашаған, Қарашығанақ, Теңізшевройл, Сименс деген компаниялардың бізде үлкен кәсіпорындары бар. Қашағанның өзі – 40 млрд доллар болатын үлкен кәсіпорын. Онда Еуропаның 4 мемлекеті, сол сияқты Қытай

шетелден қарыз алады. Банкрот болып қиналып қалған кезде мемлекет тарапы қолдау көрсетуі мүмкін. Бірақ ешқандай келісімшарт, уәде берілмеген.

110 миллиард қарыз – осы шетелдік компаниялар мен дербес жекешелендірілген компаниялардың қарызы.

Үшіншісі, еліміздегі қаржы ұйымдарының, қорлардың қарызы. Олар өздері үшін алып, біздің кәсіпорындарға таратқан. Сәйкесінше, қарызды кәсіпорындардың жұмысынан өтейді.

**ҰЛТТЫҚ ҚОРДАҒЫ АҚША**

Ұлттық банкте, қорда ақшамыз көп. Бірақ ұлттық қордағы

**2021 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНҒА 170 МЛРД АҚШ ДОЛЛАР ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯ ТҮСКЕН. ОНЫҢ 40%-ҒА ЖУЫҒЫ НИДЕРЛАНД ЕЛІНЕН (63,7 МЛРД АҚШ ДОЛЛАР), 23,7%-Ы АҚШ-ТАН, 8%-ҒА ЖУЫҒЫ ФРАНЦИЯ, БЕРМУД АРАЛДАРЫНАН (ҰЛЫБРИТАНИЯ) ТҮСКЕН. ЖАЛПЫ ЕҢ КӨП ҚАРЫЗ БЕРЕТІН ЕЛДЕР ҚАТАРЫНДА ҰЛЫБРИТАНИЯ, АҚШ, ФРАНЦИЯ, БЕРМУД АРАЛДАРЫ ДА БАР**

мен Қазақстанның үлесі бар. Яғни, 6 үлкен үлескері бар. Оның ішінде Қазақстанға бар-жоғы 18 пайызы тиесілі. Сондықтан, қарызды қалған 82 пайызға ие шетелдік компаниялар төлейді. Нидерланд елінен неліктен инвестиция көп дейміз, өйткені Қашаған үшін қарыз алған. Оны сол Қашағанның жұмысымен төлейді. Оның біздің бюджетке салмағы жоқ, қарызды қайтарамыз деп кепілдік берген емеспіз. Сол сияқты шетелдік кәсіпорындармен бірлескен 2 мыңға жуық кәсіпорын бар. Олардың қарызы да сол шетелдік компаниялардың мойнында.

Екіншісі – коммерциялық кәсіпорындар. Өзін-өзі басқаратын бизнестің секторы. Олар да

ақша шетел облигацияларына салынған. Өйткені ол – сенімді бағалы қағаз. Сондықтан, бізде бос тұрған ақша айтарлықтай көп емес. Егер қаражаттың бәрін өзіміздің кәсіпорындарға беріп, олар банкрот болған жағдайда қордағы қаражатты жоғалтып аламыз. Сол себепті диверсификация жасалады.

Ұлттық қор болашақ ұрпаққа, экономиканы тұрақтандыруға, тұрақты дамуға, сыртқы факторлардың ықпалына тәуелділікті азайту үшін керек. Осы мақсатта 2000 жылы ҚР Президенті Ұлттық қорды құрды. Экономист Оразалы Сәбденнің айтуынша, Ұлттық қордың о бастағы мақсаты іске аспады. – Ұлттық қорды тек эконо-

“

Ұлттық қорды тек экономикалық дағдарыс уақытында пайдалануымыз керек еді. Алайда оны кез келген дүниеге жаратып жатырмыз. Ол сарқылған жағдайда немен күн көреміз? Біз әлі күнге дейін шикізат экономикасымен жүріп келеміз. Экономика диверсификациясы жасалмай, инновациялық өндіріс өнбей, еш уақытта алға жылжи алмаймыз

микалық дағдарыс уақытында пайдалануымыз керек еді. Алайда оны кез келген дүниеге жаратып жатырмыз. Ол сарқылған жағдайда немен күн көреміз? Біз әлі күнге дейін шикізат экономикасымен жүріп келеміз. Экономика диверсификациясы жасалмай, инновациялық өндіріс өнбей, еш уақытта алға жылжи алмаймыз, – дейді экономист. Ұлттық қордың қаражаты девальвацияның әсерінен 3 млрд долларға қысқарған дейді сарапшылар.

– Қазақстан – әлем бойынша қарызы көп елдің бірі. Шетелге қарызды қайтаратын қаражат табылмаса, бюджеттегі қаржы халықты асырауға жетпесе, Ұлттық қорға қол сұғады. Ал қарыз уақытында қайтарылмаса, өзге елдер халықаралық сотқа шағымдана алады. Бірақ қандай жағдай болса да, Ұлттық қорға тиіспеу керек, – дейді Оразалы Сәбден.

Экономист сарапшылардың сөзінше, Ұлттық қордағы қаржыны еселеудің жолдары сарқылды барады. Ұлттық қор активтерінің динамикасы мұнай табысына негізделген саясаттың сенімсіз екенін тағы да дәлелдей түсті. Кейбір сарапшылар сыртқы қарыздың көбеюі Ұлттық қор қаржысының азаюына әкеп соғады деген пікірде.

**ОФШОР ШОТТАР  
ОПЫНДЫРМАСЫН**

Экономист Ұлттық қор қаражатын толтыру үшін офшор туралы заңның талаптарын орындап, шетелдегі қаражатты қайтару керекін де атап өтті.

– Мұнай бағасы енді ғана тұрақтанып, жағдай сәл-пәл жақсарды. Бірақ экономикалық мәселелер шешілді деуге келмейді. Мемлекеттің ақшасын триллиондап, миллиардтап банкке саламыз. Осындай үлкен қателік жасап жатырмыз. Қордың ақшасын жұмсағанша, Президент айтқандай, шетелдегі ақшаны қайтару керек. Мемлекет басшысы айтты екен деп ешкім ақшаны қайтармайды. Сондықтан офшор туралы заң қабылдау керек те, шетелдегі ақшаны алып келуге жағдай жасау қажет, – дейді экономист.

Ақын, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің айтуынша, офшор аймағы әлем үшін жаңалық емес. Әлем қазынасының кемінде 12 пайызы офшорда жасырынып жатыр. Қазақстандық олигархтардың офшордағы қаржысы емес, жылжымайтын мүлік түріндегі активтерінің заңсыз жолмен келгенін АҚШ, Ұлыбритания тәрізді алпауыт мемлекеттер кезінде білді, бірақ жолын кеспеді. Қазақ билігінің офшорға қатысты ұстанымының декларативті сипаты басым болып келді. Бұл тәсіл кезінде өзін-өзі ақтады. Себебі офшор олигархтарға табысын жасырын ұстауға мүмкіндік берді. Мемлекет тапқан табыстың қайда жұмсалғанын жариялау туралы талап қойған жоқ. Халық Үкімет күресіп жатыр деп сенді, Үкімет сендірдік деп ойлады. О.Сүлейменов ендігі жерде офшордағы қаржының қайтарылуына алдымен мемлекет мүдделі болуы тиіс екенін айтты. Олар банктер арқылы, банктегі жеке есепшоттар арқылы кетті. Әрбір транзакцияның тарихы, қашан жіберілгені туралы дерек сақталады. Сондықтан оны қадағалау, ізіне тұсу, табу қиын шаруа емес. Үкіметтің экономикалық блогы капиталды қайтару ғана емес, қайтқан қаржыны жұмыс істететін механизмдер жайлы ойлауы тиіс. Бұған дейін де бұл мәселе талай көтерілді. Бірақ нәтижелі болғаны шамалы. Себебі бизнес билікке сенбеді» дейді О.Сүлейменов.

Сарапшылар дәл қазір Қазақстан үшін ақшаны елге қайтарудың сәті түсіп тұрғанын, Үкімет ендігі жерде қаржыны қайтарудың жолын ғана емес, оны жұмсау тетіктерін де мықтап ойлануы керек екенін айтады.

Тағы да айта кетейік, кейінгі жылдары Қазақстанға ең көп инвестиция салатын да, ең көп қарыз беретін де ел – Нидерланд. 2021 жылы Қазақстанға 170 млрд АҚШ доллар шетелдік инвестиция түскен. Оның 40%-ға жуығы Нидерланд елінен (63,7 млрд АҚШ доллар), 23,7%-ы АҚШ-тан, 8%-ға жуығы Франция, Бермуд аралдарынан (Ұлыбритания) түскен. Жалпы ең көп қарыз беретін елдер қатарында Ұлыбритания, АҚШ, Франция, Бермуд аралдары да бар.

Тағы да сарапшылардың айтуынша, мұндай қомақты қаражат экономикалық даму көрсеткіштері жақсы кезеңде, мұнай бағасы 100 АҚШ долларынан асып тұрған кезде алынған. Ішкі жағдайды реттеуге мүмкіндік бола тұра сырттан кредитке алынған қаппақ ақшаны енді, міне, қазіргі жауаптылар мұнайдың бағасы құлдыраған кезде қайтарып жатыр. Ұлттық қордың ақшасы ішкі экономикалық қажеттіліктерді өтеуге жеткілікті болса да, кредитке құмарлығымыз үсті-үстіне ақшаны пайызбен ала беруге әкелгендей, бірақ «судын да сурауы бар». Осыны ұмытпаған абзал.

# ОЛҚЫЛЫҚТАР ҚАШАН ОҢАЛАДЫ?

Филология ғылымдарының кандидаты, әдебиеттанушы, аудармашы, ақын Бекқожа ЖЫЛҚЫБЕКҰЛЫМЕН сұхбат



– Сіз ұзақ жыл білім беру саласында оқытушы болып жұмыс істедіңіз. Ұстаз мәртебесі туралы не айтасыз?

– Білім беру саласы адал еңбек пен маңдай терді шынайы қажет ететін қоғамдық өмірдің өзгеше бір саласы екендігі бәрімізге белгілі. Алайда қазір оның қадір-қасиетін әділ бағалап жатқан билікті көріп тұрғанымыз жоқ. Қазір біздің елде біріншіден, оқытушылардың жаалақысы әлі де төмен, екіншіден, оқытушылық мамандыққа деген дұрыс танымдық көзқарас жоқ.

Біз зайырлы мемлекет болғандықтан ең алдымен, өз ұлтымыздың болашағын ойлауымыз керек. Жарқын болашақ ұрпағымыздың қолында екендігі бесенеден белгілі. Сондықтан болашақ ұрпақты тәрбиелеп жетілдіретін оқытушы-ұстаздардың мәртебесі өте жоғары болуы шарт. Бәсеке-лестікке бәйге тігіп отырған бұл заманда қолында көк тиыны жоқ адамның мәртебелі болуы мүмкін емес екендігін атап өтуге болады. Бұған мысал ретінде кеңес өкіметі кезіндегі ұстаздардың жаалақысы мен абыройын көз алдыңызға елестете беріңіз. Оған қоса Жапон елінде бастауыш мектептің ұстазы болатын оқытушыларды екі рет қатаң емтиханнан өткізіп барып, ұстаздық мәртебесін қолға келтіреді екен деп естігенімді қосынды. Қазіргі кезде Қытай экономикасының даму беталысының кілті оқытушылар қосынында екендігін олар ғылыми тұрғыда түсініп, бұл саладағы мамандардың қаржылық және қажеттілік жағдайын жасап, олардың жай-күйіне жыл сайын көңіл бөліп отыр. Бізде керісінше мектеп директорының кез келген тағыс-білісі мен туыс-туғаны оқытушы бола береді. Олар жаалақысын алса болды. Оқыту сапасымен санаспайтын директор ұлттық тұрғыдағы көзқарастан гөрі өзіне қолайлы негізіндегі «жеке дара билігін» өзі «жекешелендіріп алған» мектебіне жүргізе бергісі келеді. Осындай «әй дейтін әжесі, қой дейтін қожасы жоқ» оқу орындарынан қандай нәтиже күтуге болады?

– Білім беру саласында бұдан басқа да былық-шылықтар аз емес шығар?

– Әрине, қылт етсе болды, оқушылардан ақша жинау да әрең-әрең күн көріп отырған қарапайым халықтың қалтасын жұқартып отыр. Бұл ауру білім басқармалары қанша емдесе де, ем қонбай отырған соқталы дерттің бірі болып келеді. Ақша жүрген жерде қандай кесапаттың болатындығын ой елегіңізден өткізе беріңіз. Бұдан басқа, білім ордаларының ауласынан ағылып кіріп жатқан құшақ-құшақ гүл дәстелерінің астарында не бар екенін ойлап көрдіңіз бе? Ұстазды білім күні секілді ортақ мереке-мейрамдармен топтық тұрғыда құрметтеу – шынында да өте көрген дәстүр. Алайда оның жеке басына қатысты туылған күні, оқушылардың нәтижесін бағалап, оларға мінездеме жазатын күн және емтихан алатын күні оқытушылардың топтық және жеке тұрғыда оқытушыға гүл, сусын, шоколад, тағы басқа сыйлықтар сыйлауы сыбайлас жемқорлықтың бастапқы белгісі екендігін біреу білсе, біреу білсе бермейді. Емти-

хан кезінде гүл сыйлауды көбінде нәтижесі нашар оқушы-шәкірттер ұйымдастырады. Осыдан келіп оқытушыға гүл сыйлауға жиналған ақша келесі жылы қағазқалтаның ішіне жасырынып, оқытушының қалтасынан бір-ақ шығады.

Бұл пікірді мен не үшін айтып отыр дейтін шығарсыз? Біздің Еуразия ұлттық университетіне алтын белгі иегері өте көп түседі. Алайда бірнеше алтын белгі иегері оқуын жалғастыра алмай, келесі жылы оқудан шығып қалған жағдайлар болған. Мұның себебін мен әрі ойлап, бері ойлап, осы гүлдің кесірінен немесе мектеп меңгерушісінің баласы немесе туысы болудан ғой деп шештім. Өйткені оқу нәтижесі төмен сол студенттер тап емтихан болатын күні гүлін құшақтап, сусын-шоколадтың арқалап, аудиторияға міз бақпай кіргенін өз көзімнен талай рет көрдім. Бұл алтын белгілер ұлттық бірыңғай тестсіз өзінің қалаған жоғары оқу орнына құжат тапсырып түсе алатын кездегі өз көзімнен көрген сұмдығым. Қазір біршама жақсарды десек те, ондай нашар оқитын студенттер әлі де сол солақай дәстүрді жалғастырып келеді.

– Мұның себебі неде деп ойлайсыз?

– Бұл да – бағғы білім саласындағы сыбайлас жемқорлықтың нәтижесі. Қазірдің өзінде де ұлттық бірыңғай тесті аяқасты етіп, оның нәтижесін сатып алатын және емтихан майданына байланыс құралдарын ала келетін көк бояушылыққа тән нашар әдеттердің бар екендігін жоққа шығара алмаймын. Өйткені біріншіден, Оқу-ағарту министрлігі ұлттық бірыңғай тесті нәтижесіне қарап, әр облыс, аудандардың оқыту сапасы мен нәтижесін белгілейтінді шығарды. Бұл облыс, ауданаралық бәсеке-лестікті тудырып, емтихан майдандарының қатаң болмауын түйіндетіп отыр. Екіншіден, ұлттық бірыңғай тест мекемесі төңірегінде жұмыс істейтін немесе ұлттық бірыңғай тест алу майдандарының боса-қасында жүрген кейбір пысықайлар орайын пайдаланып, қалтасын қампайтқысы келетіндігі себепті заңсыз іс-қимыл әрекеттері арқылы белгілі нысаналы талапкерлердің пайдасы үшін оларға түрлі жасырын жолдармен «көмек қолдарын» созады да, оның нәтижесінде орта мектепте оқуы нашар талапкерлердің жоғары балл алу құбылысы туындайды. Білім беру саласындағы осындай былық-шылықтың кесірінен бір бөлім қалталылар мен сумақай жылпостар балаларының бағы жанып, олар мақсатына жеткенімен, одан тұтас қазақ ұлты зардап шегуде.

Білім беру саласындағы қазіргі ең басты кемшілік ретінде қағаз-бастылықты айтар едім. Сабаққа дайындалу мен тапсырма дәптер тексеруден онсыз қолы босамайтын ұстаздың мойнына топ жетекшілік қызметін қосыңыз. Оған қылт етсе болды сөзқуарлыққа салынған жиналыстарды жүктеніз. Одан әрі сабақ өтіп қалжыраған оқытушыны көз алдыңызға елестетіңіз. Дәл осындай қарбаласта жүрген ұстаздың күнделік жазып, кесте толтырған бейнесін көрсеніз, оның қайсарлығына таңғалатын едіңіз. Қағаз

бетінде ғана тастай қатып тұрған сол бір «кереметтердің» кімге керегі бар? Ол жоғарыдан келетін талапкерлер үшін ғана дайындалады. Біздегі оқытудың сапасы қағаз қалтадағы қағаз арқылы ғана өлшенеді. Оқушы, ізденушілермен кездеспей тұрып-ақ, қағаз қалтаны ақтарып, ішімдікпен бапталап кеткен жоғары дәрежелі тексерушілердің талайын жолға салғанымызға мәз болғанымыз бар. Ол ол ма, қалтасын қампайтып кеткен комиссия мүшелері де жоқ емес. Міне, бұл өзін-өзі алдау екені анық.

– Білім беру саласындағы жаңа оқыту жүйесі туралы көзқарасыңыз қалай?

– Қалай дейтіні жоқ. Жаңалықтың аты – жаңалық. Бірақ біз осы жаңа оқыту жүйесіне жатырлап арқалап, аудиторияға міз бақпай кіргенін өз көзімнен талай рет көрдім. Бұл алтын белгілер ұлттық бірыңғай тестсіз өзінің қалаған жоғары оқу орнына құжат тапсырып түсе алатын кездегі өз көзімнен көрген сұмдығым. Қазір біршама жақсарды десек те, ондай нашар оқитын студенттер әлі де сол солақай дәстүрді жалғастырып келеді.

Лев Толстойдың «өмірдің мәні жаңалық ашу ғой» дейтін аталы сөзі бар. Білімді бойына көп жинаған адам жаңалық ашпайды. Оны ой елегінен өткізу барысында жасырынып жатқан ғылыми заңдылықтарды танып-білген адам ғана шығармашылыққа бет түзейді. Шығармашылық дегеніміз жаңалықтың жарысы екендігі бәрімізге белгілі. Жоғары оқу орындарының тәрбиелеп жетілдірген студенттерінің басым көпшілігі осы бағытта жұмыс істеуі керек. Бакалаврлық дәрежесін бітіріп магистратураға түсетін студенттердің дені ғылым-білімге шынайы берілген дарабоздар тобынан құрам табуы шарт. Өкінішке қарай, олай болмай отыр. Жоғары оқу орындары талапкерлердің шығармашылық дарынына қарап емес, жинаған балына қарап қабылдайды.

Жақыннан бері магистратураға құжат тапсыратын талапкерлердің саны күрт өсіп отыр. Оның себебі, біріншіден, ғылымға деген шынайы талпыныс болса, екіншіден, жоғары оқу орындарында жұмыс істеп, күн көруге деген икемділік. Осы соңғы икемділіктің кесірінен емтиханды үздік тапсырған талапкерлер магистрлыққа қабылданбай қалған жағдайлар өте көп. Өйткені олардан алынатын

шет тілі емтиханы талапқа сай табысты деп саналғанмен, әрбір мамандық бойынша құрылған комиссиялық емтихан «бармақ басты, көз қысты» жағдайда өтіп келген болатын. Жоғары биліктің тапсырысымен магистрлікке өткен талапкерлердің хикаясын емтихан алу комиссиясының кейбір мүшесі жыр қылып айтып жүрген көп әңгімелерді естіген жайым бар. Бұдан тыс анау деканның магистрі, мынау ректордың магистрі деген әңгімелер гуілі де аз емес. Тіпті магистратураға түсіре алмаған біреудің талапкердің екі мың долларын қайтарып бергендігін өз құлағыммен естіп жағамды ұстаған кездерім де болған. Жаңа оқу жүйесін бұлай саудаға айналдырып жіберсе, оның түбі не болатындығы өз-өзінен белгілі. Бірақ қазір едәуір жақсарып келе жатқан секілді.

– Мұндай келеңсіздіктің тамырына балта шабуудың қандай амалы бар?

– Өте оңай. Әрбір мамандық бойынша алынатын комиссиялық емтиханның көзін жоғалту керек. Қазір ол негізінде жоғалды деуге болады. Оның орнына шет тілі өткізілінен өтетін емтихан сияқты ешкім араласпайтын емтихан жүйесін жолға қойса болды, бұл мәселе өздігінен шешілер еді. Арада жүретін «дорба мен жорға да» құрдымға кетеді. Оған бір ғана шарт керек. Ол – емтихан тәртібін қатаңдату. Емтихан демекші, әрбір облыс және қалаларда немесе жоғары оқу орындарында арнаулы ешкім жұмыс істемейтін, тестік жүйе бойынша емтихан алатын кең көлемдегі орталықты жабдықтау шарасын қолға алу білім беру жүйесіне көп пайдасын тигізеді. Тіпті студенттер де осы заманауи құралмен жабдықталған емтихан тапсыра алағанда емтихан тапсырса, оның нағыз білімдік деңгейі жұрт алдында айырадай ашық болатындығында дау жоқ. Сонда ғана «құда да тыныш, құдағи да тыныш» болатын әділеттілік орнауы мүмкін деп есептеймін. Осы ойымыз, міне, біраз жылдан бері іске асып келе жатқанына өте қуаныштымын. Алайда оның жеңгетайсыз әділетті өтуін құзырлы орындар қатаң қадағалау керек.

– Сізше, білім беру саласын сауықтырудың қандай жолдары бар деп ойлайсыз?

– Оның ең қарапайым жолы балабақшадан бастап толық ортаға дейінгі білім беру жүйесінің 15-20 жылдық даму бағдарламасын толыққанды жасап шығу шарт. Жоғары оқу орындарына да дәл сондай даму бағдарламасы керек. Осы барыста арнаулы пәндер бойынша құрылған комиссия ашық түрде талқы жүргізіп, бір ізге түскен оқулықтарды дайындап шығуы керек. Бұл ғылыми әдістемелік жұмысқа тәжірибелі ұстаздар мен білікті мамандарды тарту оның алғы шарты болса, оған жеткілікті қаражат жұмсау оны кепілдендіретін қозғаушы күш болмақ. Өйткені кейбір дәріс ретінде өтіліп жатқан пәндерде оқулық мүлде жоқ. Оқулықсыз дәріс өту мылтықсыз соғыс майданына кіргенмен бірдей.

Сұхбаттасқан  
Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Екі апта бойы панельдік сессияларда педагогтар мектепке дейінгі, орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім берудегі өзекті мәселелерді, балалардың құқықтарын қорғау және білім беру сапасын қамтамасыз ету мәселелерін талқылайды.

## САБАҚ САПАСЫ ҚАНДАЙ?



Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

2023 жылғы Астана қаласы мен республика педагогтарына арналған қалалық және республикалық тамыз конференциясы «Әділетті Қазақстан: Адал ұрпақ, сапалы білім, табысты ұлт» тақырыбы аясында «Жайлы инфрақұрылымды қалыптастыру» бағыты бойынша өткізіледі.


Тамыз конференциясының мақсаты – балалардың жан-жақты қалыптасуы мен дамуы үшін жайлы білім беру ортасын құру, ұлттық құндылықтарға негізделген сапалы білім мен тәрбие беру мақсатын педагогтардың оң жұмыс тәжірибесі тараптылып, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, білім беруді жаңғырту жағдайында баланың жеке басын әлеуметтендіру және т.б. мәселелер қаралды. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында барлық деңгейдегі педагогтарға арналған «Кітап – сенің досың» атты кітап көрмесі және «BOOKCROSSING» бұрышы ұйымдастырылып, көрмеде білім алушыларға арналған түрлі-түсті танымдық кітаптар, түрлі көрме әдебиеттер ұсынылды. Көрмеге «Алматы кітап», «Астана кітап», «Отбасылық хрестоматия», «Мазмұндама», «Edu stream» баспалары, «Bilim land», қазақстандық бренд «Бикош» дамыту ойыншықтары таныстырылды. Сондай-ақ 150-ден аса жас педагог маман қатысатын флешмоб ұйымдастырылды.

15 тамызда әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында «Білім беру саласындағы инновация: құндылықтар, үрдістер, түрлі деңгейдегі білім беру жүйесі» атты сессия өтсе, 16 тамызда №59 мектеп-лицейінде «Білім беру саласының шақырылған қонақтар, барлығы 450-ден астам адам қатысты.

Панельдік сессиядан кейін 4 секциялық алаң жұмыс істеді. Олар – «Өзгермелі әлемдегі бақытты балалық шақ», «Балалардың тұлғалық және цифрлық қауіпсіздігі: ата-аналар мен педагогтардың ролі», «Балалардың салауаттылығы: психологиялық қауіпсіздігі мен эмоционалды дамуына ықпал ететін факторлар», «Қосымша білім беру ұйымдары арқылы баланың тұлғалық және әлеуметтік дағдыларын дамыту».

Секциялық алаңдар жұмысы барысында балаларды тәрбиелеу, мектепке дейінгі оқыту және тәрбие, инклюзивті білім беру, көркемдік-эстетикалық дамыту беру мақсатын педагогтардың оң жұмыс тәжірибесі тараптылып, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, білім беруді жаңғырту жағдайында баланың жеке басын әлеуметтендіру және т.б. мәселелер қаралды. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында барлық деңгейдегі педагогтарға арналған «Кітап – сенің досың» атты кітап көрмесі және «BOOKCROSSING» бұрышы ұйымдастырылып, көрмеде білім алушыларға арналған түрлі-түсті танымдық кітаптар, түрлі көрме әдебиеттер ұсынылды. Көрмеге «Алматы кітап», «Астана кітап», «Отбасылық хрестоматия», «Мазмұндама», «Edu stream» баспалары, «Bilim land», қазақстандық бренд «Бикош» дамыту ойыншықтары таныстырылды. Сондай-ақ 150-ден аса жас педагог маман қатысатын флешмоб ұйымдастырылды.

15 тамызда әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында «Білім беру саласындағы инновация: құндылықтар, үрдістер, түрлі деңгейдегі білім беру жүйесі» атты сессия өтсе, 16 тамызда №59 мектеп-лицейінде «Білім беру саласының шақырылған қонақтар, барлығы 450-ден астам адам қатысты.



Ғафекеңдей боламын деп  
ЖенПИ-ден  
Мына мен де іздеп таптым  
бір қызды.

Біздің Ғафаң ЖенПи десе  
жан салып,  
Қасиетін көтереді қаншалық,  
Жыр оқиды, сыр оқиды  
бір сиқыр,  
Тыңдаған жан таңдай  
қағар тамсанып.  
Шаңырақтан шалқығанда  
бір әуен  
Қарап босқа тұра алмастың  
сір, мен.  
Дуниенің төрт бұрышын  
гүл қаптап,  
Қыз-ғұмырға айналады  
бұл әлем.

Ғафекеңнің Торғай қаласында тұратын Күләш Қайырбекова деген туған қарындасы болды. Ұзақ жыл Торғай типографиясында істеп, зейнеткерлікке шықты. Сол апай менің анам Жұмағұл-

қалмай бар, мен айтқан соң ол сені қайтсе де жұмысқа алады» деді. Сөйтіп мен Ғафекеңнің арқасында Қазақ радиосына бірден қабылданып, біраз жыл істедім.

1971 жылы Торғай облысы ашылды. Сол кездерде жаңа облыста әртүрлі басқосулар, әдеби кездесулер, фестивальдар өтіп тұратын. Соның қай қайсысынан да Ғафекең қалыс қалған жоқ. Өйткені облыс идеологиясының басшысы Өзбекәлі Жанібеков ҚазПИ-де Ғафекеңмен қатар оқыған, Қайнекейден тәлім алған шәкірттері екен.

Мен «Лениншіл жас» газетінің Қостанай облысындағы меншікті тілшісі қызметін атқардым. Тілшілік сапарымды аяқтағаннан кейін Алматыға қайта оралдым. Ғафекең менің басқа жерде емес, Жазушылар одағында жұмыс істемейді қалады. Баста комитетінде жүр едім, Ғафекең звондады. «Серікжан, маған келе қал. Ша-

## ҚАНАТТЫ ЖЫЛДАР ЖЕМІСІ

Ғафу Қайырбеков – артына үлкен әдеби мұра тастап кеткен қанатты ақын. Ол өлең сөздің ұлағатты ұясы болып саналатын Торғай топырағында 1928 жылы 15 тамызда дүниеге келген. Қазақстанның Халық жазушысы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.



Жетім бала санатында болғандықтан, Қазақстанның бұрынғы астанасы Алматыдағы №9 қазақ мектеп-интернатын 1966 жылы бітірген болатымын. Сол жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті журналистика факультетіне түспек ниетім болғанымен, ол жылдары құжаттар тапсыру үшін екі жыл еңбек өтімімі қажет еді. Неге екені белгісіз, филология факультетіне түсуге ниет білдірмедім. Ақыры, әрі ойлап, бері ойлап, Қазақстан Жазушылар Одағына жол тарттым.

Ондағы ойым, сол жерден ақын ағамыз Кәбдікәрім Ыдырысовты тауып алу. Қадамым сәтті болды. Кәбдікәрім ағамыз Қазақстан Жазушылар Одағының екінші хатшысы екен. Ол кісі мені өзіне көмекші етіп жұмысқа қабылдады.

Жазушылар Одағында еңбек етіп жүрген кезімде талай танымал әдебиет мейрамдарын көрдім.

Жасы үлкен, қызметі жоғары болса да, бір көргеннен-ақ жатсынбай жаныңа өзі келетін, жайдары шырайлы жан – белгілі ақын ағамыз Ғафу Қайырбеков болатын. Ол кісі мінез-құлқыммен де үлгі-өнеге беретін. Көзім көрмесе, араласпаса олай деп айта алмас едім. Қашан байқасам: Ғафу ағамыз Жазушылар Одағының екінші қабатындағы фойдегі диванда жас талапкер ақындармен әңгіме құрып отыратын. Ол кісінің қамқорлығын көрмеген жас ақын бірден-саран шығар. Ағаның адамға деген, әсіресе жастарға деген жүрек жылуы бірден сезілетін.

Көп жазушылардың арасынан Ғафу Қайырбеков ағаны көру маған қатты әсер қалдыратын. Ол кісі өзінің қарапайым мінезімен, сыпайы әлептімен қатты ұнайтын. Көрген сайын қалімі сұраумен шектелмей: – Балақай, өлең жазып жүрсің бе? – деп сұрайттын.

Өмірдің өзі қызық екен! 1970 жылы мен Москвадағы М.Горький атындағы дүниежүзілік әдебиет институтына түскенімде, Ғафу ағаның баласы Бақытпен бірге оқитын болдым. Бастапқыда Бақытты ақын ретінде танысам, кейін оның бойында көптеген дарын тұнып жатқанын ұқтым. Бұл жанұяның, әке мен баланың бір-бірінің жырыларын аударғандарын білдім. Ғафу аға қазақша жазса, Бақыт орысша жазатын. Бұл да бір таң қалатын жайт.

Танымал ақын, Қазақстанның белгілі жазушысы Ғафу Қайырбековті білмейтін қазақ кемде кем. Ол әдебиеттің барлық жанрында қалам тербеген.

Ақынның публицистика саласына қосқан үлесі де зор. Қаламгердің «Ақжелкен», «Жел қайық» атты публицистикалық жинақтары – публицистика саласындағы классикалық қорға енген мұралар. Бүгінгі жас тілшілерге үлкен әдістемелік оқу құралы болары анық.

Бәдеш анамыз ақын ағаға тұрарлық жас еді. Олар қашанда бірге жүретін. Ағамыз қайда

барса Бәдеш анамызды қасынан тастамайтын. Олар – қырық жылдан астам уақыт қос аққудай жарасып өмір сүрген жандар. Ағамыздың жан жары: «Ғафу жүрегіме ақындығымен, ерекше сабырлылығымен жол тапты» университеті журналистика факультетіне түспек ниетім болғанымен, ол жылдары құжаттар тапсыру үшін екі жыл еңбек өтімімі қажет еді. Неге екені белгісіз, филология факультетіне түсуге ниет білдірмедім. Ақыры, әрі ойлап, бері ойлап, Қазақстан Жазушылар Одағына жол тарттым.

Ондағы ойым, сол жерден ақын ағамыз Кәбдікәрім Ыдырысовты тауып алу. Қадамым сәтті болды. Кәбдікәрім ағамыз Қазақстан Жазушылар Одағының екінші хатшысы екен. Ол кісі мені өзіне көмекші етіп жұмысқа қабылдады.

Жазушылар Одағында еңбек етіп жүрген кезімде талай танымал әдебиет мейрамдарын көрдім.

Жасы үлкен, қызметі жоғары болса да, бір көргеннен-ақ жатсынбай жаныңа өзі келетін, жайдары шырайлы жан – белгілі ақын ағамыз Ғафу Қайырбеков болатын. Ол кісі мінез-құлқыммен де үлгі-өнеге беретін. Көзім көрмесе, араласпаса олай деп айта алмас едім. Қашан байқасам: Ғафу ағамыз Жазушылар Одағының екінші қабатындағы фойдегі диванда жас талапкер ақындармен әңгіме құрып отыратын. Ол кісінің қамқорлығын көрмеген жас ақын бірден-саран шығар. Ағаның адамға деген, әсіресе жастарға деген жүрек жылуы бірден сезілетін.

Көп жазушылардың арасынан Ғафу Қайырбеков ағаны көру маған қатты әсер қалдыратын. Ол кісі өзінің қарапайым мінезімен, сыпайы әлептімен қатты ұнайтын. Көрген сайын қалімі сұраумен шектелмей: – Балақай, өлең жазып жүрсің бе? – деп сұрайттын.

Өмірдің өзі қызық екен! 1970 жылы мен Москвадағы М.Горький атындағы дүниежүзілік әдебиет институтына түскенімде, Ғафу ағаның баласы Бақытпен бірге оқитын болдым. Бастапқыда Бақытты ақын ретінде танысам, кейін оның бойында көптеген дарын тұнып жатқанын ұқтым. Бұл жанұяның, әке мен баланың бір-бірінің жырыларын аударғандарын білдім. Ғафу аға қазақша жазса, Бақыт орысша жазатын. Бұл да бір таң қалатын жайт.

Танымал ақын, Қазақстанның белгілі жазушысы Ғафу Қайырбековті білмейтін қазақ кемде кем. Ол әдебиеттің барлық жанрында қалам тербеген.

Ақынның публицистика саласына қосқан үлесі де зор. Қаламгердің «Ақжелкен», «Жел қайық» атты публицистикалық жинақтары – публицистика саласындағы классикалық қорға енген мұралар. Бүгінгі жас тілшілерге үлкен әдістемелік оқу құралы болары анық.

Бәдеш анамыз ақын ағаға тұрарлық жас еді. Олар қашанда бірге жүретін. Ағамыз қайда

## АҚ ТУЫН АҚЫНДЫҚТЫҢ ЖЕЛЫРЕТКЕН

Ғафекең туралы талай өлең, мақалалар жаздым. Қанша жазсам да, аздық етеді де тұрады. Белгілі ақынның мерейтойларына, елеулі мерекелеріне үнемі қатысып, лебіздер легін үзген емеспін. Асыл ағаның өмірден өткеніне отыз жылға жуықтапты. Осы тамызда туғанына 95 жыл толып отыр екен. Сондықтан үнсіз қала алмадым.

Мені өзімнен болатын кездесулерден әсте қалдырмайтын еді. Әсіресе, Бәдеш жеңгеміз бітірген оқу орны ЖенПИ-ге ығы бірге баратынбыз. Осы оқу орнындағы сондай бір кездесу кешінде желініп өлең оқығаны есімде. Бұрында да талай кездесулердің көрігін қыздырып жүрген Ғафаң ұшқыр аттай қамшы салдырмай көсілді. Әңгіме, сөз, естелік кезек-кезегімен айтылып, көрермендердің көңілін көтеріп, студенттерді жан рахатына бөледі.

Бір кезде студенттер «Қаракөз қыздарды» оқыңыз деп жамырай жөнелді. ЖенПИ-дегі талай кездесуде студенттерді тамсандырып, талай оқыған өлеңнің тағы да тың шабытпен оқи жөнелді. Зал сілтідей тынып тыңдады. Сондағы өлең мынау еді.

Қаракөз қыздар, жан қыздар,  
Қаракөз қыздар – балдыздар.  
Көптігің көкте – жұлдыздар,  
Жар дегенде – жалғыздар!

Жиналармысың мұншама,  
Жырға да құмар – бәріңсің!  
Өртерсің, көзің жұмсама,  
Бәрің де бір-бір жалынсың!

Не деген өткір жанарың,  
Қандай бір отпан жетіледі?!  
Махаббат деген қаланың  
Терезелері секілді.

Бақытты қыздар, бал қыздар –  
Аяулы бақтың алмасы!  
Жырымды ғана ал, қыздар,  
Өзіме қолқа салмашы!

Онсыз да амал құрып тек,  
Барамын серттен қайта  
алмай!  
Сүйемін деп те айта алмай,  
Сүйемейін деп те айта алмай!  
Ару қыздар толассыз алақан  
соғып, әзер тоқтады (Ғафаңның  
бұл өлеңі кейіннен тамаша әнге  
айналды. Талантты әншілер,  
ерлі-зайыпты Қанат және Айткүл  
Құдайбергеновтердің шырқап  
жүргеніне біршама уақыт болды).

Біраз өлең оқығаннан кейін Ғафекең сәл тыныстап, қасындағы жеңгеміз туралы әңгімесін ағыта түсті. Жан-жақтан «Қалай таныстыңыздар, қашан қосылдыңыздар, алғашқы кітабыңыз қашан шықты?» деген сұрақтар жауып жатты. Осы сұрақтардың бәріне жауап беріп, әсерлі әңгімелер айтқан Ғафекең шабыт құшағында отырып, тағы біраз өлең оқып, студенттер қауымын әбден ырза қылды. Әнін Нұрғиса Тілендиев жазған «Алматыда көшесі бар Гогольдің» деген Ғафекеңнің өлеңі

студенттердің гимніне айналған екен. Сол ән тағы да шырқалды. Ағаның өлеңіне жазылған Шәмші Қалдаяқовтың «Ана туралы жыр» әні сол күннің өзінде барша халық сүйіп тыңдап, орындайтын әсем әннің бірі еді. Бұл жолы да кештің санін келтірді.

Кештен шыққаннан кейін Ғафекең: «Сен де әжептәуір ақын емессің бе, неге өлең оқымадың?» деп сұрады. «Сіздің кездесуіңіз болған соң қабаттаспадым, әйтпесе менде де өлең бар ғой!» дедім. «Келесі келгенде бір өлең ала келетің бол» деді Ғафекең. Мен айтқандай-ақ келесі жолы ЖенПИ-ге Ғафекеңмен ере барып, әзіл өлең арнадым. Сондағы өлең:

Біздің Ғафаң айтқан кезде  
ЖенПИ-ді,  
Ағыл-тегіл ағытады ән-күйді.  
Аныратқан әлгі әуенге ілесіп  
Шаңырақтан шаттық  
күйі шалқыды.

Сонау күндер секілді бір  
таңғы елес,  
Талай рет жүрек туулап,  
танған ес.  
Қайран, Ғафу ән салудан  
жалықпас  
Тек қасында жүрсе болды  
жан Бәдеш.

Біздің Ғафаң ЖенПИ десе  
желініп,  
Қыран қанат қайта-қайта  
серпіліп,  
ЖенПИ жайлы бір әуенге  
басады,  
Өткен күнді көз алдына  
келтіріп.

Жарып шығып арасынан  
көп ұлдың,  
Көшесінен кетпей қойды  
Гогольдің,  
Қармағына қапты біздің  
Ғафаңның  
Ақ күмістей ақ сабаны,  
Тобылдың.

Жаса мәңгі махаббаттың  
Отаны,  
Бақытты еткен бір сүйкімді  
ботаны.  
Содан бері кеудесінде Ғафаңның  
Ағыл-тегіл Тобыл толқып  
жатады.

Қайран, ЖенПИ – сен түсіме  
жігі еніп,  
Өзіме-өзім ете алмадым иелік.  
Көрдім талай жігіттерді  
кіріптар,  
Тұрдым сенің босағаңа сүйеніп.

Әсем әуен араласа шын-құзды,  
Жасыл бақтың тыныштығын  
түн бүзды.

мен аралас-құралас, дос-құрбы болып туыстан бетер араласып тұрды. Мен отбасы жағдайына байланысты Алматыдағы ҚазМУ-ге сырттай (журналистика факультетіне) түсіп, сол кездегі астанаға жиі жол түсіп жүрді.

Бір күні Алматыға сол кездегі облыс орталығы Қостанайдан Күләш апай екеуіміз бірге ұштық. Апай: «Қарсы алатын адамдар болмаса, екеуіміз Ғафудың үйіне бірге барамыз, арғы жағын көре жатарсың» деді. Алматыға келдік. Бізді Ғафекеңнің немере туысы, осы күнгі белгілі жазушы Тұрсынбек Токин күтіп тұр екен. Онда Тұрсынбек ҚазМУ-дың философия факультетінде оқитын студент. Ғафекең соған тапсырған ғой. Тұрсекең мені көріп қуанып кетті.

– Келгенің жақсы болды. Жүр, Ғафекең үйіне бірге барамыз, – деді. Мен басқа үйге барамын деп қипақтап едім, Тұрсынбек болмады, қоярда қоймай Ғафекең үйіне алып барды.

Үйге келген соң Ғафекең мені көріп қуанып кетті. Маған «Енді ешқайда асықпа, сессияны біздің үйде жатып тапсыра бер» деді. Сөйтіп Ғафекең үйінде он шақты күнде болдым. Ғафекең күн сайын менің халімді біліп тұрды. Жазған-сызған дүниелерімді оқып: «Осылай жаза берсең, сенен үлкен ақын шығады» деп қояды. Ғафекеңнің бұл сөзі ақындық үмітімді оятып, шабыттыма жол ашқандай болды.

Бір күні Ғафаң: «Сен Торғайда кіммен тұрасың? Отбасында кім бар?» деп сұрады. Мен: «Шешемнің қолында тұрамын, жалғыз қарындасым бар» деп жағдайымды айттым. «Жұмысың сол редакцияда ма?» деген сұрақ қойды. «Одан шығып кеткенмін» дедім. Ойым, осы Алматыға келу, реті келсе, жұмысқа орналасу. Ғафекең: «Бұл шаруаны келген бетте бірден айтпадың ба?! Оқасы жоқ, әлі де кеш емес, жұмыс табылады» деп көңілдендіріп қойды. Сол кезде Қазақ радиосының директоры Ғафекеңмен қатар өскен досы Ертай Арысов деген кісі екен. Ғафекең бірден соған звондады. Алдымен достық әзіл-қалжың айтты да: «Саған бір ақын інімді жібергілі тұрмын» деді. Арғы жақтан шамасы ақын емес, журналист керек деген сыңайдағы жауап айтылған сияқты.

Ғафекең: – Ақынның қолынан бәрі келеді. Оның сыртында ол Торғайдағы аудандық газетте екі жыл істеп, әбден ысылған жігіт. Барлық жанрда жаза береді дегесін, Арысов «Келсін» деген болу керек. Ғафекең маған: «Ертеннен

руа бар» десін. Бардым. «Біздің «Жұлдыз» журналында поэзия бөлімі бос тұр» деді. Мен бірден «Шәмшібай бар емес пе?» дедім. «Шәмшібай ол орынды уақытша басып тұр. Мен Бекеңмен (бас редактор) келістім. Құптап отыр. Сен көп уақыт өткізбей осында кел» десін.

«Ғафеке, менің осы істеп жүрген жұмысым өзіме қолайлы. Кітаптарымды да уақытында шығарып тұрамын. Ешкім кедергі жасамайды» дедім. Ғафекең: «Сен қазірдің өзінде қалыптасып қалған ақынсың. Атың белгілі. Енді кітап шығаруға қиналмайсың. Тек жақсы өлеңдер жаза біл. Ол жағынан қам жеме. «Жұлдызда» халыққа кең тарайсың, басқаларға пайдан тиеді» деді. Мен «Ойланайын» деп шығып кеттім. Бірақ көп ойланған жоқпын. Ертеніне Ғафекең келіп: «Қабырғаммен некетімі, сіздің қасыңызға келгім келеді» дедім. Ғафекең қуанып кетті. Сөйтіп мен бір кездері Мұқағали Мақатаев, Жүмекен Нұжмеденов басқарған «Жұлдыз» журналының поэзия бөлімінің меңгерушісі болып шыға келдім. Ғафекеңнен көп нәрсе үйрендім. Әсіресе, елдің, жердің тарихын, әдебиет әлемінің небір тұңғыық сырларына қанықтым.

Ғафекең үлкен ақындығымен қатар шебер аудармашы да еді. Оның Лермонтовтан, Есениннен аударған керемет өлеңдері – қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған игілікті үлес. Расул Ғамзатовтың «Менің Дағыстаным» шебер аударып, өнімді еңбек етті. Әдебиет сыншысы Шерияздан Елеуеновтің айтқаны есімде қалды. «Алдында бұл кітапта басқа біреуге бергенбіз. Ол кешіктіріп, сүбелі ештеңе шығара алмады. Кітап болса, жоспарда тұр. Мезгілінде бермесе, күйіп кетеді. Ғафуға айтып едім, бас-аяғы 10 күннің ішінде кітапты тез аударып, баспаға тапсырды. Және қандай аударма?! Көркемдігін жоғалтпаған, мағынасы, мәнін бұзбай жатық аударып шықты. Мен Ғафудың ерекшелігіне, талантының ерекшелігіне, аударма ісіндегі алғырлығына тағы бір тәнті болдым» деген болатын сыншы.

Ғафекең сонымен қатар қаламы жүрдек журналшы болатын. Оның, әсіресе жолжазбалары, естелік-эсселері, белгілі тұлғалар туралы бедерлі очерктері мен маңызды мақалалары, әдеби баяндамалары мен байсалды пікірлері талай қазақ баспасөзінің бағын жандырды, бағасын арттырды. Болашақ ұрпаққа ізгілік ізін қалдырды.

...Ғафекеңнің әр өзін, әсерлі әңгімелері, өміршен олендері қайта-қайта еске түсіп, әлі күнге дейін жүрек елжіретеді, қиял құшағына жетелейді...

Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ



## ЦИРК МЕРЕКЕСІ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Астаналық циркте XIV халықаралық «Азия жаңғырығы» цирк өнері фестиваліне арналған баспасөз конференциясы өтті.

Орталық Азияда жыл сайын ұйымдастырылатын дәстүрлі өнер мерекесінің 14-фестивалі бұл жолы Астана қаласының 25 жылдығына арналды. 10-нан астам мемлекеттен цирк өнерінің 60-қа жуық майталман шеберлері қатысқан фестивалді өткізу, олардың ішінен жеңімпаздарды анықтаудың жүгі мен жауапкершілігі зор іс екені белгілі. Бұл туралы конференция барысында қазылар алқасының төрағасы, «Астаналық цирктің» бас директоры, ҚР Еңбек сіңірген әртісі Ерік Жолжақсынов айтып берді.

– Алдымен, осындай ауқымды халықаралық фестивалді өткізуге қолдау білдірген Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбекке алғысымызды білдіргім келеді. Осы өнер мерекесіне шет мемлекеттерден көптеген әртістер қатысып отыр. Бұрын-соңды көрмеген жан-жануарлар

әкелінді. Оның ішінде маймыл, жолбарыс, тіпті піл де бар. Біз, қазылар алқасы, өнерпаздарды қалай бағалайтынымызды өзара ақылдасып-кеңестік. Осы фестивальдің жеңімпаздарын анықтау үшін 14 елден төрешілер келді. Араларында Монте-Карло халықаралық цирк фестивалінің вице-президенті Урс Пилздің өзі бар. Онда әлемдік фестивальдер ұйымдастырылады. Біз осылай Астана мен Монте-Карло арасына «өнер көпірін» салып отырмыз. Кино мен театрда ең жоғарғы сый «Оскар» болатын болса, Монте-Карло цирк әртістері үшін «Оскар» саналады. Сондықтан да осы фестивалге қатысқысы келетіндердің қарасы көп болды. Әрине, келіп түскен өтініштерді екішеп, қатысушыларды таңдап алдық. Біз бұдан кейінгі 15-фестивалді де зор сеніммен өткіземіз деп ойлаймыз, – деді Ерік Жолжақсынов.



Ол сондай-ақ Урс Пилздің Монако ханшайымының сәлемін жеткізгенін айтты. Әрі қарай конференцияда журналистер қазылар алқасына өздерін толғандырған сауалдарын қойып, тұшымды жауаптар алды.

Төрт күнге созылған фестивальдің қорытындысы бойынша үш жеңімпаз анықталды. Бас жүлдені Қытайдан, сондай-ақ Алматы мен Шымкент қалаларынан келген өнерпаздар алды. Күміс жүлде Ресей мен Беларусь елінің азаматтарына бұйырды.

Жыл сайын өткізіліп келе жатқан цирк фестивалі – өз аудиториясын тапқан ерекше шара. Оны тамашалауға келгендер биыл да ерекше көп болды.

Салтанат МҰРАТҚЫЗЫ

## ЖҮГІРУДЕН ЖАРЫСАДЫ

20 тамыз спорт күнінде елордада балалар жарысы өтеді. Іс-шараны Astana RUN Challenge екінші кезеңі аясында қалалық триатлон федерациясы және «Mega Kids» балалар орталықтары мен балабақшалар желісі бірлесіп ұйымдастырғалы отыр.

Жарысқа 500 м қашықтық бойынша 14 жасқа дейінгі 300-ге жуық бала қатысады деп жоспарлануда. Мәре сызығын кесіп өткен қатысушыларға арнайы медаль, ал жеңімпаздарға естелік сыйлықтар табысталады. Балалар жарысына қатысу ақылы.

– Егер біздің іс-шарамыз балалардың есінде қалатындай ұйымдастырылса әрі өскелең ұрпақтың жүгіру спортына деген қызығушылық тудыр-

са қуанар едік. Іс-шараға бес жас санаты бойынша балалар қатыса алады. Бұл 3 жасқа дейін; 4-5 жас; 6-7 жас; 8-10 жас; 11-14 жас, – деп атап өтті Астана қаласы дене шынықтыру және спорт басқармасының баспасөз хатшысы Мәдина Айтқалиева.

Мерекелік іс-шара 20 тамызда сағат 08.00-де Орталық мәдениет және демалыс саябағында (шаңғы трассасы) өтеді. Қатысу үшін міндетті түрде тіркеу қажет.



## ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ТУРНИРИ

Моңғолияның Баян-Өлгей қаласында тоғызқұмалақтан VI Азия чемпионаты өтті. Жарысқа 9 елдің спортшылары қатысты.

Моңғолия, Қазақстан, Қырғызстан, Бангладеш, Филиппин, Ресей Федерациясының Алтай және Саха Республикалары, Өзбекстан, Түркия, Түрікменстан 200-ден астам спортшысы қатысты.

Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясы мен Моңғолия тоғызқұмалақ федерациясы ұйымдастырған жарыстың қорытындысы бойынша

Астана қаласының тоғызқұмалақшылары жүлдегерлер қатарынан көрінді.

Атап айтқанда, тоғызқұмалақтың классикалық түрі бойынша 19 жас ұлдар арасында Ернұрсұлтан Боранбай екінші орын алса, ерлер арасында Биғали Экриев үшінші орынға қол жеткізді.

Рapid түрі бойынша әйелдер арасында Гүлнар Базаралиева 1-орынды жеңіп алды.



## БЕЙЖІНДЕ – АБАЙ ОҚУЛАРЫ

Бейжіңде ұлы ойшыл, ақын, дала әдебиеті мен мәдениетінің реформаторы, қазақ әдебиетінің негізін қалаушысы Абай Құнанбайұлының күні аталып өтті. Сегізінші рет ұйымдастырылған іс-шара аясында қытайлық оқушылар мен студенттер Абай өлеңдерін қазақ және қытай тілдерінде оқыды.

Сондай-ақ Бейжің халық аспаптар оркестрінің әртістері мен Қытай ұлттары орталық университетінің студенттері қазақ және қытай ұлттық музыкалық аспаптарының сүйемелдеуімен Абай әндерін орындады. Жыл сайын қытайлық жұртшылықты Абайдың еңбектерімен таныстыру арқылы рухани ағарту іс-шараларын өткізу, ұлы тұлғаның ескерткішіне гүл шоқтарын қою, оның шығармаларын оқу челленждерін ұйымдастыру Бейжіңнің әдебиет, өнер және көркем сөз әуесқойлары арасындағы жақсы дәстүрге айналды.



## «БІЗ ӨМІРДІ ТАҢДАЙМЫЗ!»

Астанада «Біз – өмірді таңдаймыз!» ұранымен шағын футболдан Астана әкімінің кубогі турнирі өтеді. Турнир 15 тамыз күні Б.Соқпақбаев көшесінде орналасқан «футбол-хоккей» кортында ұйымдастырылып, 15 қыркүйекке дейін жалғасады.

Іс-шараның басты мақсаты – есірткісіз болашақты насихаттау, өскелең ұрпаққа денсаулықтың маңыздылығын түсіндіріп, салауатты өмір салтын бойына сіңіру. Турнирді ұйымдастырушы Астана қаласы ПД Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы өз кезегінде Дене шынықтыру және спорт басқармасының, Жастар саясаты басқармасының және Қоғам-

дық денсаулық сақтау басқармасының қолдау көрсетуімен өткізуді жоспарлап отыр. Турнирде 1-орынға 2 жас дәрежелі аула командалары қатысады (1-дәреже: 14-16 жас және 2-дәреже: 17-18 жас). Турнирдің қорытындысы 23 қыркүйекте шығарылып, сол күні жеңімпаздар салтанатты түрде марапатталады.